Төңкеріске дейінгі қазақ қауымындағы қоғамдық мәселерге байланысты әйелдердің орны еркектерге қарағанда әлдеқайда кем саналғандығы кімге болса да аян. Оны біз әйелдердің қоғамдық мәселелерді шешуге араласпайтындығынан, сайлауға не сайлануға қақысының жоқтығынан, ең ақыр аяғы «әйел құны ерлер құнының жартысына тең» болғандығынан көреміз. Ел арасындағы әр түрлі мәселелер және ауыл отбасы тағдыры көбінесе әйелдердің араласынсыз, тек ерлер арасында, онда да ақсақалдар мен билер арасында шешілетін. Мұндай мәселелерде әйел тілін алу, оған ақылдасу деген атымен болмайтын.<sup>3</sup> Мұндай жағдай олардың тек әйел екендігіне байланысты теңсіздік емес, оның негізі патриархалды - рулық қатынастардың салдарымен тығыз байланысты. Үй ішінің тағдырына әр қазақ әйелі белсене қатынасып отыруға міндетті болды. Отбасының тіршілігі әйел әрекеті мен еңбегіне байланысты жүрді. Сондықтан олар үй іші мәселесінде өзін еркін ұстайтын да, өз бетімен жұмыстарын атқарып, ерлерінің нағыз көмекшісі болатын.

Қазақ дәстүрінде әйелдің үй ішіндегі еркіндігі отбасының атына нұқсан келтірмей, қайта намысын қорғайтын болса, ел аузына ілініп, өзгеге үлгі ретінде айтылып, үлкен мадақ пен сыйға бөленетін.

Шаруаның негізгісі мал өсіру, егін салу болса, малды түзде бағып-қағу, оған жем шөп дайындау, егін егу, оны суару, жинау ісіне әйелдер тікелей араласа қоймайтын, ондай ауыр жұмыс әр уақытта ерлердің ісі болып есептелетін. Тамақ дайындау, киім тігу, жүн сабау, киіз басу, жіп иіріп, алаша, кілем тоқу, әр түрлі үй бұйымдарын тігу, мал сауу, кір жуып, үй жинау, көші - қонның кезінде тең буып, оны шешу, үй жығып, оны тігу, жас балалар мен қартайған ата - әжесіне қарау, т.б. үй ішінің ұсақ - түйек шаруасы түгелдей әйелдер мойнында болды. Үй шаруасына жалшылар ұстайтын ірі байлардың әйелдері мұндай шаруалар істемейтін. Олар тек басшылық етіп, жеңіл - желпі киім тігіп, ши орап, кесте тігіп, бала бағудан басқаға араласпайтын. Ал орта шаруалар мен кедейлердің әйелдерінің жұмысы тіпті көп болатын. Олар өз шаруасына қоса, бай туысының үй шаруасына да көмектесетін. Қысты күні үйде тұрған малға қарау көбінесе әйелдер мен бала - шағаның міндетіне жататын.

Қазақ әйелдері мал сатып, қаладағы базарға баруға араласпағанымен, үйдегі шаруаға тікелей қатысып, оған өзінің ықпалын жүргізетін. Үй іші шаруасын ұйымдастыруда да ері әйелімен ылғи ақылдасатын. Егер әйел ақылды болса, ол тек еріне ғана емес, онымен бірге бүкіл ауылға да өзінің ықпалын тигізетіндіктен, мұндай әйелдерге күйеулері өздерінің өмірлік серігі ретінде қараған. Осындай жағдайлардың орын алғандығын тарихи деректер дәйектейді. Ері жоқта есті әйел оны жоқтатпай, барлық жұмысқа өзі басшылық ететін. Мұндай әйелдер тарапынан еш уақытта ұрыс - жанжал шықпайтын. Үлкен - кішіні бірдей сыйлап, керек

<sup>3</sup> Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. Алматы., 2005. -356.

жерінде жарасымды әзіл айтып, жолынан жаңылмай тұрған әйелдердің отбасындағы ықпалы күшті болатын.

Төңкеріске дейінгі көптеген әдебиеттерде қазақ әйелдерді сыйламайды, ұрып - соғып, күндікте ұстайды деген жаңсақ, бір жақты айтылған пікірлер де кездеседі. Әрине, мұндай жағдай бүкіл халыққа төн қасиет деу қисынға келмейді. Оған дәлел ретінде С.Г. Рыбаков: «Әйелдеріне ерлері тарапынан қаталдықты мен кездестірмедім, соған қарағанда мұндай жағдай тым сирек кездесетін», - деп жазған.<sup>4</sup>

XX - ғасырдың басында патриархалды - рулық қатынастар етек жайған әрі молырақ сақталған Маңғыстау қазақтарының өзінде ерлі-зайыптылардың арасындағы қатынастар қожайын мен күннің арасындағы қатынастарға мүлдем ұқсамайтындығын, көбінесе бірін бірі құрмет тұтып, сыйлауға негізделгендігін, қазақ әйелдері өздерін әрдайым еркін ұстайтындығын неміс ғалымы Р. Каруж те атап өткен.<sup>5</sup>

Қазақ әйелдерінің қоғамдағы салмағы сәл төмендеу болғанымен, олардың әдептілігін көрсететін көптеген әдет - ғұрыптар да бар. Мәселен, күйеуінен өзге бөгде ер адамға беті мен екі қолының ұшынан басқа денесін көрсетпеу; жалаңаяқ, жалаңбас жүрмеу; еркектер алдынан кесе өтпеу; үлкендер отырған үйге кірмеу; өз үйіне үлкендер келіп әңгімелесіп отырғанда олардың әңгімесіне араласпау; тіпті оларға шай құйып отырғанның өзінде бір тізерлеп қырын қарап отыру; үйде кісі барда малдас құрып жүресінен отырмау; үлкендер көзінше дауыстап сөйлеспей немесе балаға шаңқылдап ұрыспау үлкен әдептілік деп есептелген. Шынында да, мұның бәрі әйелдің көргендігін дәлелдейтін ұнамды салт болған.<sup>6</sup>

Отауы бөлек келіндер ата - әнесі тұратын үлкен үйдің төріне шықпайтын, олардың төсегіне жатпайтын, отырмайтын да. Тіпті олар өлген күннің өзінде үлкен үйдің төрі, ата - әненің төсек орны келіндер үшін өте киелі деп есептелген. Бұл әдет - ғұрып ата - ана отырған үлкен үй, қара шаңырақты сыйлау, құрметтеу, оған табынудың нышаны іспеттес болған.

Осылайша қазақ қоғамындағы әйел ананың орны мен рөлін қарастырып, өзіндік ерекшеліктеріне тоқталдық. Әйелдердің қоғамдағы орны патриархалдық - рулық қатынастарға, ислам дінінің әсеріне байланысты болған. Ғасырлар бойы қалыптасып, дамыған халықтық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрдің негізінде әйелдердің қоғамдағы рөлі айқындалып, беки түскен. Әйел-анаға қатысты әдет-ғұрыптар оның болмысына, тәрбиесіне ықпал етіп, рухани тазалықтың биігінен көрінуге бағытталған. Осыған орай ақылдылығымен, тапқырлығымен, адалдығымен, көріктілігімен еркекке бергісіз әйелдер өмір сүріп, аттары аңызға айналған.

<sup>4</sup> Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. -366.

<sup>5</sup> Сонда. -376.

<sup>6</sup> Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. -396.

Дәстүрлі шаруашылықта әйелдер маңызды рөл атқарып, отбасы мен қоғамның негізгі ұйытқысы болған. Жоғарыда айтылған баянымыз әйел ананың ұлылығын, мәртебесін тануға септеседі деп есептейміз.

### *Түйіндеме*

*В статье рассматривается роль женщины в казахском обществе на основе национальных традиций.*

### *Resume*

УДК 378.12

## **РЕПЕЙ**

*Сорное растение с цепкими колючими соцветиями или плодами*

### **С.В. Немержицкий**

*Павлодарский государственный университет им. С. Торайгырова*

Впервые он переступил порог Павлодарского индустриального института в июле 1961-го. В одной из душевных аудиторий сдавали вступительный экзамен по математике. Второй набор в новый казахстанский вуз обещал быть добротным. Среди абитуриентов немало ребят в солдатских гимнастерках. Один из них со словами «не знаю» положил билет на стол комиссии. Председательствующий посмотрев в экзаменационный лист, с двумя оценками «отлично», хмыкнул и протянул документ.

Через несколько дней несостоявшийся студент был назначен бригадиром комсомольско-молодежного коллектива на строящемся алюминиевом заводе.

Шли годы. Самоутверждались те, чьими руками поднималось громадьё цехов. У него за плечами полдюжины профессий, средне-специальное и высшее образование.

Не получилось учиться самому в индустриальном - буду учить других, размышлял он после окончания философского факультета МГУ и представил документы на конкурс. Но и вторая попытка сорвалась. Тогдашний зав. кафедрой философии Колодезнев М.Г. в разговоре с работником обкома

партии посетовал на романтиков. «К нам устраивается один на 120 рублей, а получает раза в три больше». Информацией заинтересовались...

Несколько собеседований в обкоме и ... при царившем отборе в формировании партийного аппарата, утверждение его лектором обкома, действительно событие неординарное, если не сказать жестче. Человек и дня не работавший преподавателем с репутацией горлопана, матерщинника и вдруг оратор. Что возоблагодало при принятии решения - призыв «рабочих в партийные органы» или господин «случай»? Судить не берусь.

В нашем рассказе сохраним лишь то, что связывало его с индустриальным институтом, а именно с участием профессорско-преподавательского состава в лекционной пропаганде. Совместная общественная работа, личное общение лишь усиливали желание перейти на преподавательскую работу. Но достиг он своего лишь после защиты кандидатской диссертации в АОН при ЦК КПСС. В октябре 1978 года его избирают зав. кафедрой научного коммунизма.

Мог ли он предвидеть, что в этом качестве ему потребуются во стократ больше умения, чем гибкости до сих пор. Члены кафедры без восторга встретили заведующего, не имеющего опыта вузовской работы. На первых порах его поддержали Буценец Р.В., Курникова А.М., Хоруженко Л.П. С другими отношения складывались труднее. Каково было находить общий язык с Мухиным С.И., начисто отвергающего концепцию развитого социализма; с Конопляной Г.И., известной своими притязаниями (ныне доктор наук, профессор московского вуза); или с Калиевым М.М. (старший) и Калиевым А.Т. (младший), будущими лидерами региональных движений «Азат», «Семипалатинск - Невада»; о преподавателе Дonya А.П., можно и промолчать, его имя как депутата маслихата было на слуху у горожан. Четверо молодых преподавателей закончили аспирантуру, но защитилась только Раймбекова Г.Ж.

Как не удивительно, но кафедра работала слаженно без тех изнурительных конфликтов, что сводят на нет благие намерения. И все же истины ради отметим вместе с другими заведующими кафедрами общественных наук (Чевяченко В.М., Захаренко А.Л., Абдраимовым Ш.А.) на коллегии Минвуза он получил «выговор». Многоопытный Бойко Ф.К. (ректор) объяснил подчиненным, что вместо «указать» получили «выговор» не за недостатки в работе, а за поведение на коллегии. Видите ли задели их достоинство. Вместо того, чтобы благодарить за оскорбительный разнос стали огрызаться. Им это припомнили. Минвуз не дал согласия (за исключением Абдраимова Ш.А.) на их повторное избрание.

Постепенно нарастали трения внутривузовского характера. Первая серьезная трещина между руководством вуза и кафедрой образовалась в процессе исследования студенческих строительных отрядов. В 70-80 годы это массовое движение стараниями аллилуйщиков от идеологии представлялось

как высшая форма гражданственности и социальной зрелости студенческой молодежи. Используя все доступные методы социологического исследования преподаватели кафедры выявили неприглядную картину. Вузовские романтики мало чем отличались от «шабашников» (символ делячества и рвачества). Обнародовав это, кафедра, якобы опозорилась на всю республику лучший стройотряд. К сожалению, рваческие тенденции проявлялись и в преподавательской среде. Сегодня это взятка, тогда - протекционизм. В коллективе хорошо знали студентов-иждивенцев и их опекунов. Откровенные бездельники благополучно переходили из курса на курс и вдруг «осечка», кафедра не пропускает. Кое-кому пришлось прервать учебу. Все чаще возникали конфликты с руководством профкома, парткома.

Только вступивший в должность ректора Галишников Ю.П. попытался получить от Невмержицкого обещание не «нервировать» коллектив и вышестоящие инстанции. Взаимопонимания не достигли, а потому результаты тайного голосования были predeterminedены. Лишь четвертая часть членов Совета поддержала его при переизбрании. Возобладал корпоративный интерес. Сорнякам не место на чистой ниве просвещения.

На следующий день после Совета он работал каменщиком в строительном управлении Стефанского В.И. на том же алюминиевом, откуда потом ушел на партийную работу. «Ссылка» оказалась непродолжительной, всего-то 3 месяца. Минвуз признал увольнение незаконным и его восстановили на работе до конца учебного года. Увы, китайский метод перевоспитания интеллигенции (физическим трудом) оказался не эффективным. Он не сделал выводов.

Поэтому и второй раз его прокатали, хотя число сторонников несколько увеличилось. Чтобы крепче привязать его к рабочему классу в характеристике пропечатали «скомпрометировал себя как личность и как коммунист». Судьи двух инстанций не нашли основания для пересмотра оценок в характеристике.

Его недоброжелатели не понимали - не может быть наказанием труд, который власть. И он снова становится «Ударником коммунистического труда».

Его не забывали преподаватели-обществоведы. Они-то и вынудили администрацию объявить очередной конкурс, но Совет института держал оборону крепко - провалил еще раз.

Комиссия Минвуза СССР, изучавшая конфликтную ситуацию, сделала однозначный вывод: увольнение - сведение счетов за критику. Перипетии этой схватки опубликованы в одной из центральных газет. Бюро обкома рассмотрев статью наказало «крайних». Ректор и секретарь парткома получили взыскание и были освобождены от занимаемых должностей. Вспоминая те годы, Ю.П. Галишников пишет, - «С течением времени мой независимый стиль ведения институтских дел вызывал все большее недовольство у власти. С целью «обуздать» меня она взялась подогреть

давно тлеющий конфликт вокруг некоторых преподавателей научного коммунизма, которых коллектив института отверг за долго до моего прихода» [1]. Ни кто-то другой, а вы, два месяца спустя после появления в вузе, исполнитель акции «очищения» от тех кого «отверг коллектив». Вы пошли на поводу отдела обкома совершенно не зная этих людей, только потому, что даже простые пожелания или рекомендации представителей власти «предполагалось исполнять безоговорочно». Избавились от Невмержицкого, преподавателя кафедры Дюня А.П. исключили из партии и уволили с работы. Год спустя он добился восстановления в КПСС и тут же написал заявление о выходе «из такой партии». Мухин С.И. ушел по собственному желанию. Можно понять чувства ректора, он безропотно выполнил указание власти (обкома) и его же за это наказали. В беседе с корреспондентом газеты «Социалистическая индустрия» Г. Белоцерковским Галишников начисто отрицал возможность возвращения в вуз С. Невмержицкого. «Если дело так обернется я сразу же подам в отставку» [2]. Юрий Петрович так и поступил. В августе 87-го года отправил в Минвуз заявление об освобождении и его просьбу тут же удовлетворили «даже не пригласив меня для объяснения». Не впадая в преувеличение, Невмержицкий подготовил площадку для работы Фрезоргера А.Д. Новый ректор, стремясь заручиться поддержкой обществоведов, пошел им навстречу, принял Невмержицкого по приказу, а через год совет института дал добро на дальнейшую работу. Так завершилось трехлетнее «хождение в народ».

Но вскоре Совет института еще раз «лягнул» его при представлении документов на доцента. Не провалили, но треть членов совета голосовала против. Это вынудило ВАК направить его дело на экспертизу в Уральский университет. Люди там оказались понимающие «кому вы так насолили» и рекомендовали использовать время для знакомства со Свердловском. Он до сих пор благодарен безымянной чертовой дюжине, подарившей ему турпоездку, жаль только, что за государственный счет.

Известные события в стране и обществе привели к затяжной поляризации в коллективе, хотя внешне все выглядело безмятежно. Изредка рутину учебного процесса взрывали события вроде отказа студентов машфака изучать научный коммунизм. Мало помалу менялась идеология и блок социальных наук.

Когда объявили о роспуске Компартии Казахстана, более двухсот партбилетчиков вуза мигом стали беспартийными. Многое в новейшей истории коллектива будет стерто временем, но этот факт через десятилетия выделят отдельной строкой - организация коммунистов-обществоведов оказалась единственной не самораспустившейся в области. Ее ядро составили ветераны Великой Отечественной войны Устюжанина П.К., Щербатенко В.М., доценты Григорьева Р.В., Зозуля Т.Н., Захаренко А.Л., Петькин П.П., Чевенко В.М. С кем он - вопрос излишен.



Все недостойное, что было в прошлой жизни стяхнувшись «измы» предстало в подлинном обличье. Ему ли занимать выжидательную позицию. Говорить об этом скороговоркой вряд ли целесообразно. Фрезоргеровский этап в жизни вуза требует глубокого анализа и прочтения. Многие правдолюбцы стали его жертвами, оказались перемолотыми или изгнаны. Отметим, что еще один конкурс через совет факультета он прошел чисто, а очередной не ожидался в связи с ликвидацией этой формы найма на работу.

Его юбилей не заметили, а об окончании срока избрания напоминали постоянно. Он не принял экзамен у студентов «иняза», поскольку в этот день был уволен. И снова стал вопрос выбора. Реконструкция алюминиевого продолжалась. Но на кого работать? В этом суть! А то мог бы тряхнуть стариной.

Год ушел на рассмотрение иска в суде. Особых надежд не питал, поскольку подобного рода дела люди вуза проигрывали. Решение судьи Кунадиловой К.О. о признании незаконности увольнения было громом среди ясного неба. Он возвращается. Но «опытнейший юрист» вуза некто Шалыгина Е.А тут же отправила кассационную жалобу.

Долго ли или коротко судебная коллегия по гражданским делам облсуда под председательством Каракуловой В.И. в чем-то изменив форму постановления, но не содержание, признала увольнение незаконным, со всеми вытекающими последствиями. С последствиями, впрочем, не очень понятно - компенсация за месяц вынужденного прогула задним числом контракт за потерянный год и перспектива заключения нового. Прямо скажем, не густо. В беседе с возвращенцем Анатолий Давыдович удивлялся как это «такой многоопытный и уважаемый преподаватель оказался уволенным». Мистика. И тут же предложил контракт. Могу предположить почему – из-за опасения иска за «моральный ущерб», более того раскрутки дела по статье уголовного кодекса «преследование за критику». В общем остались при своем – «Репей» - доцентом, А.Д. Фрезоргер – ректором. Время Анатолия Давыдовича уходило, впрочем, и его тоже. Новый ректор Арын Е.М. публично заявлял о том, что высокопрофессиональные специалисты (т.е. доктора и кандидаты наук) будут работать до тех пор, пока им позволит здоровье. Более того, поднял их статус. Десятки получили титул – профессор ПГУ и среди них «Репей». В юбилейном году, надеюсь, о недостатках действующего ректора промолчат, а достоинствах скажут столько... Эти игры его не занимают. Документы на конкурс профессора кафедры не приняли (не доктор наук и не ВАКовский профессор). Так что вопрос о его дальнейшей работе открыт... Надо же вцепился как репей.

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Галишников Ю.П. Так это было / Времен связующая нить... – Павлодар, 2005. – С. 13.
2. Социалистическая индустрия. – 1987. – 14 июня.

#### Түйіндеме

*Уақыт пен оқиғаның ара қатынасындағы ЖОО кезіндегі өмірбаянын құрастыруға ұмтылыс.*

#### Resume

*An attempt of drawing up high school autobiography in time and circumstances perspective.*

ӘӘЖ 354(574)

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ САЯСИ ЖАҢАРУ АЯСЫНДАҒЫ ПРЕЗИДЕНТТІК БИЛІК

**Г.Р. Нұрымбетова**

*Мемлекет тарихы институты, Астана қ.*

Қазақстанда президенттік басқару ХХ ғасырдың 90 жылдарында басталған саяси өзгерістер аясында дүниеге келді. Бірақ президенттік басқару әлемдік саяси ой мен тәжірибеде әлдеқайда ертеректе пайда болғаны белгілі. Қазақстанда бұл идея өткен ғасырдың 20 жылдарында «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасында «...Үкімет басында Учредительное собрание мен Г. Дума қалауынша кесімді жылға сайланатын президент болу. Президент халықты министрлер арқылы бағу...» [1] - деп анықталған болатын.

Саяси және мемлекеттік басқарудың кеңестік моделі тән болған Орталық және Шығыс Еуропа елдері мен КСРО-да басқару келесі принциптерге негізделіп, үстемдік етті: мемлекеттік билік пен басқару жүйесінің бірлігі, демократиялық централизм, үстемдік етуші коммунистік партияның жетекшілік және басқарушылық рөлі, меншіктің социалистік формасының ғана мойындалуы. Бұл қоғамның барлық саласындағы тоқыраушылыққа алып келуіне байланысты басқарудың жаңа тиімді түрлері іздестіріле басталды.

Тиімді басқару үлгісін іздестіру, оны таңдау даму жолы айқындалмаған, жол айрығында, өтпелі кезеңде тұрған кез келген мемлекетке тән құбылыс. 1917 жылы қазан төңкерісінен кейін Қазақстанның өзінде бірнеше балама даму жолының ұсынылғаны белгілі. «Алаш» партиясының даму бағдарламасымен қатар М. Шоқай, Т. Рысқұлов тұжырымдарының ұсынылғанын еске алсақ жеткілікті. Өкінішке орай, қазақ халқы кеңестік озбыр саясат салдарынан өз арман-мұратына жете алған жоқ. Сондықтан қазақ халқы үшін 90 жылдарда туған таңдау мүмкіндігінің маңызы зор.

КСРО-ның ыдырауынан бүгінгі Қазақстан тарихының жаңа беті ашылып, өтпелі кезең басталды. Осылайша егемендігін алған Қазақстан үшін тоталитаризм бұғауынан демократиялық қоғамдық құрылысқа өту

басты міндет болып табылды. Сонымен, Қазақстандағы жаңарулар негізі - **тәуелсіздігі мен егемендігі**. Ал қоғамдық құрылысты модернизациялаудың негізгі өзегі демократиялық реформалар деп тұжырымдауымызға негіз бар. Еліміздегі өзгерістер ерекшелігі – төңкеріс арқылы емес, бейбіт, эволюциялық жолмен жүзеге асуында.

XX ғасырдың 90 жылдарындағы Қазақстан үшін күн тәртібінде тұрған маңызды да күрделі мәселе - даму жолын таңдау болды. Осы орайда, бұдан 20 жыл бұрын, 1990 жылы 24 сәуірде, Қазақ ССР-нің XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңесінің I сессиясында Қазақ ССР-де Президент қызметін тағайындау туралы қабылданған тарихи шешімнің Қазақстанның даму жолын анықтауда шешуші рөл атқарғаны айқын [2]. Осы заңға сәйкес биліктік өкілеттіктер Президент, Жоғарғы Кеңес пен Министрлер Кеңесі араларында бөлінді.

Заң негізінде Қазақ ССР-де президент қызметі енгізіліп, оның өкілеттігі анықталды. Заң бойынша Қазақ ССР-нің президенті Қазақ ССР-нің басшысы болып жарияланды. Қазақ ССР-нің Президенті болып 35-тен жас емес, 65 жастан аспаған Қазақ ССР-нің территориясында кем дегенде 10 жыл тұрақты тұрған, қазақ және орыс тілдерін меңгерген азамат сайлана алады. Заңда әлемдік демократиялық мемлекеттерде кеңінен тараған президенттің екі мәрттен артық сайланбауы, Президент лауазымына үміткерлер санына шектеу қоймау сияқты ережелерде ескерілген.

Осы заң бойынша президентті сайлаудың екі жолы ұсынылды: бірі – Қазақ ССР-нің Президенті Қазақ ССР-нің азаматтарымен тікелей, бүкілхалықтық сайлауда 5 жылға сайланады. Президент сайлауы сайлаушылардың кем дегенде 50 пайызы қатысқанда шынайы болып есептеледі; екіншісі - Қазақ ССР-нің Президенті Қазақ ССР-нің Парламентімен 6 жыл мерзімге сайланады. Қазақ ССР-і Президенті лауазымына кандидатураны республикандық органдар арқылы қоғамдық ұйымдар, кем дегенде 90 адамнан тұратын халық депутаттарының топтары ұсына алады. Қазақ ССР-нің халық депутаттарының жалпы санының жартысынан көбінің дауысын жинаған кандидат сайланған болып есептеледі. Жоғарғы Кеңеспен сайланған Президентті Конституцияны бұзған жағдайда Жоғарғы Кеңес орнынан ала алады. Ол үшін халық депутаттарының жалпы санынан кем дегенде үштен екісінің дауысы қажет. Бірақ шешім Қазақ ССР-нің конституциялық бақылау комитетінің қорытындысының негізінде қабылданады.

Мұның өзі, бір жағынан, кеңестік заманның құқықтық дәстүрінің ықпалы болса, екінші жағынан, даму жолының айқын таңдалмауының салдары еді. Сондай олқылықтың тағы бір көрінісі - Қазақ ССР-нің Жоғарғы Кеңесімен алты жылға сайланатын Қазақ ССР-нің Президенті орынбасары лауазымының болуы. Президент орынбасары Президент тапсыруымен оның кейбір функцияларын атқарып, тіптен Президент өз міндетін атқара алмаған жағдайда оның қызметін уақытша атқару құқығы да болды.

Президент лауазымының енгізілуі Жоғарғы Кеңес төрағасын ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақ ССР-ін өкілдендіруші жоғарғы лауазымды тұлға мәртебесінен айырды. Осыған байланысты, Жоғарғы Кеңес Төрағасы заңдарға қол қою және елдегі жағдай туралы баяндама жолдау құқынан ажыратылды. Бұл жұмыс мемлекет басшысының қатысуымен жүргізілетін болды. Бұрын Жоғарғы Кеңес құзырында болған Қазақ ССР-нің Жоғарғы Кеңесіне Қазақ ССР Министрлер кеңесі төрағасы лауазымына, Қазақ ССР-нің халықтық бақылау комитетінің төрағасы, Қазақ ССР-нің Жоғарғы соты төрағасы, Қазақ ССР-нің мемлекеттік бас арбитражі лауазымдарына кандидатуралар бойынша және көрсетілген қызметтегі, Қазақ ССР-нің Жоғарғы соты төрағасынан басқасын, адамдарды міндеттерінен босату туралы да Жоғарғы кеңеске ұсыныспен шығу құқығы да Президент қолына көшті. Президентке Министрлер Кеңесін құру құқықтық әлеуеті берілді.

Жоғарғы Кеңес Президиумының Қазақ ССР-нің шет елдердегі және халықаралық ұйымдардағы дипломатиялық өкілдерін тағайындау және шақырып алу; Мемлекеттік наградалармен марапаттау, азаматтыққа қабылдау мәселелерін шешу, азаматтарға рақымшылық жасау өкілеттіліктері Президентке берілді.

Бұл өкілеттіктермен қатар мемлекет басшысы ретінде Қазақ ССР Президентінің келесі өкілеттіктері анықталды:

- Қазақ ССР заңдары мен Конституциясының, республика аймағындағы азаматтар құқығы мен бостандықтарын қамтамасыз ету кепілі;
- Республика егемендігін, қауіпсіздігін, территориялық тұтастығын қорғау бойынша қажетті шараларды қабылдайды, одақтық келіссөздердің орындалуын қамтамасыз етеді;
- Қазақ ССР-нің КСРО-ның Федерация Кеңесіндегі өкілі;
- Халық депутаттары кеңесінің толық билігін жүзеге асыруға жағдай жасайды; Қазақ ССР-нің жоғарғы мемлекеттік билік және басқару органдарының өзара әрекетін қамтамасыз етеді;
- Қазақ ССР-нің Жоғарғы Кеңесінің алдына Қазақ ССР-нің Министрлер кабинетін отставкаға жіберу немесе отставкасын қабылдау туралы мәселені қоя алады; Қазақ ССР-нің Министрлер Кеңесі төрағасының келісімі негізінде Қазақ ССР-нің Үкімет мүшелерін қызметке тағайындап, әрі босата алады;
- Қазақ ССР-нің заңдарына қол қояды, екі аптадан кем емес уақытта заңға өз келіспеушілігін білдіріп, Жоғарғы Кеңеске қайта талқылауға қайтаруға құқылы;
- Төтенше жағдайды жариялау.

1990 жылы 24 сәуірде Жоғарғы Кеңесте заң қабылданғаннан кейін, Президентті сайлауда жасырын дауыс беруге қатысқан 335 депутаттың 317-ы Назарбаевты қолдап, 18 – қарсы дауыс берді [3]. Нәтижесінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстанның тұңғыш президенті болып сайланды. Н.Ә. Назарбаевты

бұл жоғарғы лауазымдық қызметке Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің 21-пленумы бір ауыздан ұсынған болатын. Сонымен бірге, Қазақ ССР-нің Президенті орынбасары болып С.Терещенко мақұлданды. Бірақ бұл кезеңде президенттік институт туралы айту ертерек. Тек Президент лауазымы енгізіліп, Президентті Жоғарғы Кеңеспен сайлау жүзеге асырылды.

1990 жылы Қазақстан Президентінің он екінші шақырылымдағы Жоғарғы Кеңеспен сайлануы Президент пен Жоғарғы Кеңес қарым қатынас сипатын анықтады деуімізге болады. Президент Республикадағы жағдай туралы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне жыл сайын баяндамасын табыс етіп, елдің ішкі және сыртқы саяси қызметінің маңызды мәселелері туралы ақпарат беріп отырады. Президент Жоғарғы Кеңеспен қабылданған заңдарға қол қоюы арқылы заң қабылдау үдерісіне де қатыса алды. Сонымен бірге, Президент заңды Жоғарғы Кеңеске қайта талқылау және өзінің қарсы пікірлерін жазып, Жоғарғы Кеңеске екі аптадан кешіктірмей қайтаруға құқысы болды [2].

Заң ұсыну бастамасы Қазақ ССР-нің Жоғарғы Кеңесінің халық депутаттары, Жоғарғы Кеңес Төрағасы, Жоғарғы Кеңестің тұрақты комиссиялары, комитеттері, Министрлер Кеңесі, Конституциялық бақылау комитеті, Халықтық бақылау комитеті, Жоғарғы сот, Қазақ ССР-нің прокурорымен қатар Қазақ ССР-нің Президентіне де берілді.

Президент өзінің кадрларды тағайындау құқығын да Жоғарғы Кеңеспен келісе отырып жүзеге асыруы тиіс болды. Мысалы, Президент Қазақ ССР Министрлер кеңесі төрағасы лауазымына, Қазақ ССР-нің халықтық бақылау комитетінің төрағасы, Қазақ ССР-нің Жоғарғы соты төрағасы, Қазақ ССР-нің мемлекеттік бас арбитражы лауазымдарына кандидатуралар бойынша және көрсетілген қызметтегі, Қазақ ССР-нің Жоғарғы соты төрағасынан басқасын, адамдарды міндеттерінен босату туралы да Жоғарғы кеңеске ұсыныспен шыға алады. Сонымен бірге, Қазақ ССР-нің Жоғарғы Кеңесінің алдына Қазақ ССР-нің Министрлер кабинетін отставкаға жіберу немесе отставкасын қабылдау туралы мәселені қоя алды. Яғни Президент пен Жоғарғы Кеңес қарым-қатынасында Жоғарғы Кеңес басым түсіп отырғанын байқамау мүмкін емес.

Қазақ ССР-і Президенті жанында ішкісаяси және сыртқы саяси қызметтің негізгі бағыттарын жүзеге асыру шараларын дайындаумен, республика қауіпсіздігін қамтамасыз етумен айналысатын Президенттік Кеңесті құру қарастырылды. Президенттік Кеңес мүшелері Президентпен тағайындалады. Сонымен бірге, Президенттік Кеңес құрамына Министрлер Кеңесінің төрағасы кірді, ал Жоғарғы Кеңес төрағасы Кеңес отырыстарына қатыса алды.

Президент мәртебесі мен өкілеттігін анықтау барысындағы келесі маңызды құжат - 1990 жылы 25 қазанда қабылданған ҚазССР мемлекеттік егемендігі туралы Декларация. Декларацияда алғаш мемлекеттік билік

бөлінісі жарияланды. Заң шығарушы билік - Жоғарғы Кеңесте, Президент - Республика басшысы және онда ең жоғары өкімдік-атқарушы билік, ал Жоғарғы Сот билігі ҚазССР-ң Жоғарғы Соты болып көрсетілді. Бірақ бүкіл республика халқының атынан шексіз сөйлеу құқығы Жоғарғы Кеңес құзырында сақталды [4].

Көп ұзамай 1990 жылдың 20 қарашасында қабылданған «ҚазССР мемлекеттік билік пен басқару құрылымын жетілдіру мен ҚазССР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң Президент мәртебесі мен өкілеттігіне бірталай өзгерістер енгізді. Осы заңға сәйкес ҚазССР Президентінің ұсынысымен Жоғарғы Кеңеспен сайланатын Вице-Президент лауазымы енгізілді. Сонымен бірге, Министрлер Кеңесі Кабинет Министрі болып қайта құрылды. Соған сәйкес, Премьер-Министр және негізгі мемлекеттік, шаруашылық, әлеуметтік және мәдени құрылыстар бағытындағы мемлекеттік кеңесшілер лауазымдары енгізілді. ҚазССР Президентінің аппараты мен ҚазССР Министрлер Кеңесінің аппараты біріктіріліп Президент аппараты құрылды. Осы заң бойынша Президент Кеңесі жойылып, Президент жанынан консультативтік-кеңесшіл орган – Республика Кеңесі құрылды. Республика Кеңесінің құрамына Вице-президент, Премьер-министр, облыстық және Алматы қаласының халық депутаттары Кеңесінің төрағаларымен қатар Президентпен тағайындалған басқа да адамдар кіреді [5]. Президент пен Министрлер Кеңесі аппараттарының біріктіріліп, Президент аппаратының құрылуы Президенттің атқарушы билік басшысы ретіндегі мәртебесін айқындады.

1991 жылғы тамыз айындағы оқиғалар, Беловежск бүлігі, республиканың мемлекеттік егемендігін нығайту жолында қадамдар жасауға себеп болды. 1991 жылы 24 тамызда өткен ҚазССР-і Жоғарғы Кеңесінің кезектен тыс бесінші сессиясында «ҚазССР-нің Конституциясына өзгерістер мен түзетулер енгізу туралы» заң қабылданды. Заң Республиканың ішкі әскері Президентке бағынатындығын анықтады. Бұл Президенттің мемлекет басшысы ретіндегі рөлін күшейтті. Осы орайда тағы бір көңіл аударатын маңызды мәселе Президентпен басқарылатын және тағайындалатын жаңа кеңес беруші орган – ҚазССР-нің Қауіпсіздік Кеңесінің құрылуы. ҚазССР-нің Қауіпсіздік Кеңесіне республика аумағындағы азаматтар құқықтары мен бостандықтарының, Конституция мен ҚазССР-нің заңдарының сақталуын, республиканың егемендігін, территориялық тұтастығын қорғау, мемлекеттік, экономикалық және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; құқықтық саясатты қалыптастыру және құқыққорғау қызметін сәйкестендіру; қорғаныс саласындағы саясатты жүзеге асыру; төтенше жағдайда мемлекеттік органдар қызметін ұйымдастыру жүктелді.

Сонымен бірге, осы сессияда Қазақстанның дербес мемлекет ретінде дамуға бет алғанын дәлелдейтін маңызды шешім қабылданды. Ол

Президентке ҚазССР-нің заңдарына және жоғарғы атқарушы билік актілеріне қайшы келген жағдайда одақтық органдардың шешімін жүзеге асыруды тоқтату құқығы берілді.

1991 жылғы 16 қазандағы Жоғарғы Кеңестің кезектен тыс VI сессиясында ҚазССР Президентін сайлау туралы заң қабылданып, осы жылдың 1 желтоқсанына президенттік сайлау тағайындалды. Заңға сәйкес президентті сайлау жолы өзгертілді. Бірақ 1990 жылы 24 сәуірде қабылданған «Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ ССР-нің заңы қабылданған уақыттан бері өзгерістердің болғанына қарамастан, Президенттіктен үміткерге қойылатын талаптар ешбір өзгеріссіз қалды. Қазақстанның мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданғанына (25.10. 1990 ж.) қарамастан Президенттің жергілікті ұлт өкілінен болуы қажеттілігі нақтыланбады.

1990 жылы Жоғарғы Кеңеспен сайланған Президенттің өкілеттік мерзімінің аяқталмағанына қарамастан не себепті 1991 жылы Президенттік сайлау тағайындалып, не себепті Президентті сайлау жолы өзгертілді? Президентті сайлау жолының өзгеруі қажеттігі мен маңызын XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңес депутаты, белгілі заңгер-ғалым С. Зиманов «... Президентті халықтың тікелей сайлауы оның саяси-құқықтық мәртебесі мен биліктік өкілеттігін өзгертеді. Ал бұл тиімді және күшті президенттік билікті орнатуда өте маңызды. Президенттік билік пен парламенттің, жоғарғы атқарушы және жергілікті биліктің қатынастары басқаша қалыптасады. Халықтан мандат алған Президент Парламент пен келіспеушілік туындаған жағдайда, қажет деп есептесе, еркі билік пен заңдылықтың жоғары өлшемі болып табылатын халыққа жүгіне алады» [6, 84-85- бб.] - деп негіздейді.

Сонымен бірге, Президент ұсынысымен Жоғарғы Кеңеспен сайланатын вице-президент лауазымына, дәл сол күні, 1991 жылы 16 қазанда, ҚазССР Жоғарғы Кеңесінің сессиясында бұған дейін ҚазССР-нің Жоғарғы Кеңесін басқарған Е. Асанбаев сайланды.

Сөйтіп 1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан Республикасының азаматтары қазақтың мың жылдық тарихында тұңғыш рет өз Президентін бүкіл халық болып сайлады. Жасырын дауыс беруге арналған сайлау бюллетенінде ҚазКСР президенттігінен үміткер - Н.Ә. Назарбаев, вице-президенттіктен үміткер - Е. Асанбаев тұрды. 1991 жылғы Президенттік сайлауға электораттың - 88,23% қатысып, президенттік басқару жүйесі заңдастырылды [7]. Бұл елді демократияландыру жолындағы жасалған маңызды қадамдардың бірі еді.

98,7% сайлаушылардың қолдауына ие болып, бүкілхалықтық сайлау негізінде сайланған президент Н.Ә. Назарбаев 1991 жылы 10 желтоқсанда «Біздің көпұлтты республиканың халқына қалтқысыз қызмет етуге,

Қазақстан Республикасының Конституциясын қатаң сақтауға, азаматтардың праволары мен бостандықтарына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің өзіме жүктелген мәртебелі міндеттерін адал орындауға салтанатты түрде» [8] ант етті.

Бүкілхалықпен сайланған Президентке 1991 жылы 16 желтоқсанда қабылданған Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы конституциялық заң «Республика халқы атынан сөйлеу хұқын» берді. Бірақ халық атынан сөйлеу хұқы Президентпен қатар Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінде де болды [9]. Президент Қазақстан Республикасының басшысы және оның атқарушы өкіметі деп анықталды. Осылайша, Президент қолына шексіз болмаса да, орталық атқарушы билікті құру мен оның қызметіне ықпал ету тетіктері өтті.

1991-1992 жылдары Президенттік институттың қалыптасу негізін қалаған мемлекет егемендігі туралы Декларация мен Мемлекеттік тәуелсіздік туралы заң ережелері 1978 жылы 20 сәуірде қабылданған ҚазКСР Конституциясына қайшы келетіндігі айқын байқалды. Егер Конституция бойынша мемлекеттік биліктің жоғарғы органы Жоғарғы Кеңес болса, ал «Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ ССР-ның заңы бойынша мемлекет басшысы Президент деп жарияланды. Әрине, бұл жағдай қарама-қайшылық тудырды. Тіптен қалыптасқан жағдайда «қосбиліктік жүйе» қалыптасты: Президент және Жоғарғы Кеңес.

Сондықтан жаңа Конституцияны қабылдау мәселесін тез шешу қажет болды. Конституция екі жылға жуық дайындалып, ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1992 жылғы 2 маусымдағы «ҚР Конституциясының жобасы туралы» қаулысына сәйкес бүкілхалықтық талқылауға ұсынылды. Тек содан кейін ғана Конституциялық комиссиямен толықтырылып, 1993 жылы 28 қаңтарда XII шақырылымдағы Жоғарғы Кеңестің тоғызыншы сессиясында қабылданды. Осының нәтижесінде республикада сапалық тұрғыдан жаңа саяси кезеңге ету уақыты басталды. Ең бастысы мемлекеттік құқықтық жүйенің басты элементі болып мемлекеттік билікті бөлу тұжырымы алынды.

Өкінішке орай, 1993 жылы 28 қаңтарда қабылданған Конституция Президент өкілеттігі мен мәртебесіне қатысты қайшылықты өзгерістер енгізді. Конституция Президент пен Жоғарғы Кеңес мәртебелерін жоғарылатуға бағытталған тұжырымдарды нақтылай түсті. Бірақ Конституцияның Жоғарғы Кеңеспен қабылдануы, Жоғарғы Кеңеске өз үстемдігін сақтап қалуға толық мүмкіндік берді. Конституцияда Қазақстанның бүкіл халқының атынан сөйлеу құқығы Жоғарғы Кеңес пен Президентте дей отырып, бірінші орынға Жоғарғы Кеңес қойылды.

Сонымен бірге, Конституция Президентті ел ішіндегі және халықаралық қатынастардағы Республика өкілі дегеніне қарамастан, Жоғарғы Кеңес



Қазақстан Республикасының ең жоғарғы өкілді органы деп жарияланды. Мінеки, осындай қарама-қайшы Конституция ережелерінен Жоғарғы Кеңес өкілеттігінің басымдығын байқау қиын емес.

Қазақстан Республикасының Президенті «мемлекет басшысы және оның атқарушы биліктің біртұтас жүйесінің басшысы, Республика заңдары және Конституциясы, азаматтар бостандығы мен құқықтарының кепілі» болып анықталды [10].

Президент болып 35-тен жас емес, бірақ 65 жастан аспаған, Қазақстан Республикасы аймағында кем дегенде 10 жыл тұрақты тұрған азамат бола алады деген талап өзгерген жоқ. Бірақ президенттің «қазақ тілімен қатар орыс тілін білуі керек» деген ереже «мемлекеттік тілді жете меңгерген» деген ережемен ауыстырылды. Әрине, бұл қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алуымен тікелей байланысты.

1993 жылғы Конституцияда Президент өкілеттігі біршама кеңейтілгенімен, Жоғарғы Кеңеспен қарым-қатынасы қарама-қайшылықты жағдайда сақталды. Яғни, Жоғарғы Кеңестің бұрынғы өкілеттіктерінің сақталуы саяси жүйеде қалыптасқан «қос биліктік» жағдайды жалғастыруға негіз болды. Мысалы, Президент пен Жоғарғы Кеңес арасындағы тайталас ережеге референдум өткізу туралы шешім қабылдау құқығын жатқызуымызға болады. Себебі, референдум өткізу туралы шешімді Президентте, Жоғарғы Кеңесте қабылдай алды.

Бұл кезеңдегі Қазақстанның басқару формасын таза президенттік немесе аралас, жартылай президенттік басқару деп сипаттау қиын. Себебі, Конституцияда екі басқару формасының да белгілері орын алған. Мысалы, 1993 жылғы Конституцияда Президентпен қатар Вице-президент лауазымы болды. Вице-президент Президентпен қатар сайланып, Президенттің тапсыруымен оның кейбір қызметтерін атқарады. Вице-президенттің өкілді органның депутаты болуға, басқа да мемлекеттік органдарда және қоғамдық ұйымдарда лауазымды қызмет атқаруына немесе кәсіпкерлікпен айналысуға құқығы болған жоқ. Президент отставкаға кеткен жағдайда оның міндетін Вице-президент атқарады. Бұл АҚШ-та қалыптасқан таза президенттік басқарудың бір белгісі. Тағы айқын белгінің бірі – ол Қазақстан Президентінің мемлекет басшысы және оның атқарушы биліктің біртұтас жүйесінің басшысы болуы. Бірақ АҚШ-та премьер-министр лауазымы жоқ, әрі АҚШ Президенті Конгресс қабылдаған заңға тыйым салып (вето қою құқы), заң шығару билігіне қарсы шыға алады.

Жалпы еліміздің мемлекеттік билік жүйесінде 1995 жылға дейін өмір сүрген Вице-президент лауазымы, кезіндегі Президент орынбасары қызметіндей, ойластырылмаған, артық құрылымдардың бірі болды. Біздің бұл ойымызды келесі «Вице-президент лауазымын басқару органдары құрылымына ендіру атқарушы билік жүйесіндегі тепе-теңсіздікке алып келді, бірақ нәтижесінде осы уақытта заң шығарушы және атқарушы билік арасында жасанды тепе-теңдік орнады. Екі

жақта да бірін-бірі бейтараптандыру жолдары болғанымен, бірақ бірде-біреуінде қоғамдағы реформаларға ықпал ететін құқықтық тетіктері жеткіліксіз еді» [11, 217-б.] - деген пікірде дәлелдей түседі. Сондықтан да болар 1995 жылғы Конституцияда бұл лауазым сақталған жоқ.

Енді аралас, жартылай президенттік басқару қалыптасып отырған Франциямен салыстырып көрелік. Қазақстан Президентінің мемлекет басшысы және оның атқарушы билік басшысы болуы, атқарушы билікте премьер-министр лауазымының болуы Франциямен ұқсас. Бірақ Қазақстан Президентінің Франция Президентіндей Парламентті тарқату құқығы, ал Парламенттің Президентке импичмент жариялау құқығы болған жоқ. Мінеки өзіміз көріп отырғандай Қазақстанның саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өтпелілік, даму жолының айқынсыздығы 1993 жылы қабылданған Конституциядан көрініс тапқан. Яғни мемлекеттік билікті ұйымдастыруда билік тармақтарын бөлу принципі басшылыққа алынғанына қарамастан, ұзақ уақыт үстемдік еткен тоталитарлық жүйе институттарын жаңа жағдайға икемдеу, оны бірден жұмыс жасату оңай шаруа емес еді.

Қорытындылар болсақ, 1990 жылы 24 сәуірде қабылданған «Қазақ ССР Президенті қызметін тағайындау және Қазақ ССР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ ССР-нің заңы Қазақстанда президент лауазымын енгізіп, президенттік институт бастауын құрады. Президент мәртебесі мен өкілеттігі 1990 жылы 25 қазанда қабылданған ҚазССР мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы 1991 жылы қабылданған конституциялық заңда, 1993 жылғы, одан 1995 жылғы Конституцияларда одан әрі нақтыланып, жетілдірілді.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құл-Мұхаммед М. «Алаш» бағдарламасы: қиянат пен ақиқат. – Алматы, 2000.-82-б.
2. Социалистік Қазақстан, 12 мамыр 1990 жыл.
3. Ертысбаев Е. Казахстан и Назарбаев: логика перемен // Елорда.- Астана. 2001. – 573 с.
4. Қазақстан Республикасының Егемендігі туралы декларация // Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл. (Заң актілерінің жинағы). - 10 лет независимости Республики Казахстан. (Сборник законодательных актов). - Алматы: Жеті жарғы, 2001. - 760 бет.
5. О совершенствовании структуры государственной власти и управления в Казахской ССР и внесении изменений и дополнений в Конституцию (Основной Закон) Казахской ССР Закон Казахской Советской Социалистической Республики от 20 ноября 1990 года // Ведомости Верховного Совета Казахской ССР, 1990. N 47,- с. 431.

6. Зиманов С.З. Конституция и парламент Республики Казахстан – Алматы, 1996. 352 – с.

7. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағаты, қор 2263, тізбе 1, 12-іс, тізбе 3, -1 б.

8. Казахстанская правда, 11 декабря 1991 г.

9. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы // Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл (Заң актілерінің жинағы). - 10 лет независимости Республики Казахстан. (Сборник законодательных актов). - Алматы: Жеті жарғы, 2001. - 760 бет.

10. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1993.

11. Нысанбаев А., Машан М., Мурзалин Ж., Тулегулов А. Эволюция политической системы Казахстана в 2-х томах. – Алматы, 2001 г. 2-том.

### Резюме

*В статье рассматриваются роль и значение президентской власти в контексте общественно-политического развития страны.*

### Resume

*The article deals with the role and meaning of presidential power in the context of social-political country's development.*

УДК 001:101

## СТАТУС ПОНЯТИЯ ПРОСТРАНСТВА И РОЛЬ ИДЕИ ГЕОМЕТРОДИНАМИКИ В РАЗВИТИИ ТЕОРЕТИЧЕСКОЙ ФИЗИКИ

**М. Сабит**

*Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы*

Понятие пространства занимало и занимает одно из центральных мест в философии и науке. Создание специальной (СТО) и далее общей (ОТО) теории относительности А.Эйнштейном способствовало значительному росту интереса философов и ученых к понятию пространства, вызвало поток исследовательских работ, в которых оно, даже будучи истолковано самым различным образом, сохраняет свой высокий как мировоззренческий, так логико-методологический статус.

Появление СТО, ставшее своеобразным завершением всего здания классической физики, одновременно явилось революцией в науке, круто изменившей стиль мышления и мировоззрение ученых, что прежде всего

